

Қазақстан Республикасы кеден органдарының айырым жалауы мен айырым белгісінің сипаттамасын және оларды қолдану ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 22 шілдедегі N 723 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 22 қазандағы № 1094 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.10.22 № 1094 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы 2003 жылғы 5 сәуірдегі Кеден кодексінің 17-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді: Қараңыз.К100296

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы кеден органдарының айырым жалауы мен айырым белгісінің сипаттамасы және оларды қолдану ережесі бекітілсін.

2. "Қазақстан Республикасы кеден органдарының айырым белгісі мен айырым жалауының сипаттамасын және оны қолданудың тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 6 маусымдағы N 932 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1997 ж., N 24, 220-құжат) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3

ж ы л ғ ы

2 2

ш і л д е д е г і

N

7 2 3

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Қазақстан Республикасы кеден органдарының айырым жалауы мен айырым белгісінің сипаттамасы және оларды қолдану ережесі

1. Қазақстан Республикасы кеден органдарының айырым жалауы - жоғары бөлігі көгілдір түсті, ал төменгі бөлігі жасыл түсті кездеме. Көгілдір түс Қазақстан Республикасының ұлттық жалауын, жасыл түс мемлекеттік шекаралардың жалпыға бірдей қабылданған халықаралық белгісін білдіреді. Көгілдір және жасыл түстердің арақатынасы 50:50 теңдігін құрайды. Тең

ортасында біздің планетаны білдіретін 8 қырлы алтын жұлдызы бар ақ шеңбер, және онда - алтындалған жіңішке жиекті алтын шаңырақ орналасқан. Жұлдыздың ішінде алтын реңде жоғары жақта ақ әріптермен "Кеден" деп және төменгі жағында "Customs" деп жазылған. Жалау енінің оның ұзындығына қатынасы - 1-қосымшаға сәйкес 1:1,5.

Қазақстан Республикасы кеден органдарының айырым жалауы және оның бейнесі мөлшерлеріне қарамастан, 1-қосымшаға сәйкес оның түрлі-түсті және схемалық бейнелеріне дәлме-дәл сәйкес келуі тиіс.

Айырым жалауы кеден органдарының иелігіндегі өзен, теңіз кемелерінде және кеден органдарының мекемелерінде қолданылады.

2. Қазақстан Республикасы кеден органдарының айырым белгісі (эмблемасы) ішінде көгілдір реңдегі алтын шаңырақ бейнеленген 8 қырлы алтын жұлдыз. 2-қосымшаға сәйкес шаңырақтың үстінде алтын реңдегі жұлдыздың ішінде ақ әріптермен "Кеден" деп және шаңырақтың астында "Customs" деп жазылған.

Айырым белгісі (эмблема) Қазақстан Республикасы кеден органдарының иелігіндегі көлік құралдарының барлық түрлерінде қолданылады және екі жағынан симметриялы орналастырылады.

Айырым белгісінің мөлшерін Қазақстан Республикасының кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органы айқындайды.

Қазақстан Республикасы кеден органдарының айырым жалауы мен айырым белгісінің сипаттамасы және оларды қолдану ережесіне 1-қосымша

Қазақстан Республикасы кеден органдарының айырым жалауы

қағаз мәтіннен қараңыз

Қазақстан Республикасы кеден органдарының айырым жалауы мен айырым белгісінің сипаттамасы және оларды қолдану ережесіне 2-қосымша

Қазақстан Республикасы кеден органдарының айырым белгісі

қағаз мәтіннен қараңыз

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК